

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ



АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

30.08.2020 м
Көкшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 109
город Кокшетау

Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 07 шілдедегі Кодексінің 9, 36, 102, 104 және 107-баптарына, «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығына және «Шектеу іс-шараларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығына, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 27 шілдедегі № 46 (бұдан әрі – ҚР БМСД № 46 қаулысы), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 14 тамыздағы № 47 қаулыларына (бұдан әрі – ҚР БМСД-нің № 47 қаулысы), «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 28 тамыздағы №50 қаулысына (бұдан әрі – ҚР БМСД-нің №50 қаулысы) сәйкес және Ақмола облысы тұрғындары арасында COVID-19 ауруының тіркелуіне байланысты, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақмола облысы аумағында шаруашылық және (немесе) өзге де қызметтің және халық өмірінің ерекше жағдайларымен эпидемиологиялық жағдайы тұрақтанғанша дейін Ақмола облысының аумағында шектеу іс-шараларын жүргізуді қамтамасыз ету.

2. Ақмола облысының тұрғындарына:

1) ҚР БМСД-нің № 47 қаулыға № 2-қосымшаға сәйкес жеке қорғаныш құралдарын (бетперделерді) пайдалану және кәдеге жарату алгоритмін сақтауды және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтауды қамтамасыз ету;

2) жергілікті атқарушы, құқық қорғау органдарының, жедел және шұғыл медициналық көмектің, мемлекеттік медициналық мекемелердің, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, өрт сөндірудің, авариялық-құтқару және авариялық-техникалық қызметтердің қызметкерлерін, сондай-ақ стратегиялық объектілер мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің өндірістік процесін қамтамасыз ететін қызметкерлерді қоспағанда, сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін Ақмола облысының елді мекендерінің аумағы бойынша тұрғындардың жүріп –тұруын шектеу;

3) демалыс күндері 65 жастан асқан адамдарға көшеге шығуды шектеу;

4) әлеуметтік қашықтықты және жеке қорғаныш құралдарын (бетперделерді) пайдалану мен кәдеге жаратуды сақтай отырып, ойын-сауық объектілерісіз саябақтарға, алаңдарға, скверлерге және өзге де демалыс орындарына топта 3 адамнан артық емес немесе бір отбасы мүшелеріне баруға рұқсат беру;

5) отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, дұға) және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізуге жол бермеу;

6) жерлеу іс-шараларын жүргізу кезінде кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 30 адамнан астам (отбасы мүшелері) жиналуға жол бермеу.

3. Ақмола облысының әкімдігі, аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері, «Атамекен» ӨКП, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшылары:

1) осы қаулыға 1 - қосымшаға сәйкес тиісті Дайындық актілерін алғаннан кейін объектілердің қызметін жандандыруды;

2) InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық форматта берілетін Санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі негізінде объектілердің қызметін қайта бастауды;

3) қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін объектінің кіреберісінде Санитариялық нормаларға Сәйкестік актісін көзге көрнетін жерге орналастыруды;

4) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін InfoKazakhstan.kz сайтында жұмысы туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды хабардар етуді;

5) бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлердің уақтылы шаралар қабылдауы мақсатында шағымдарды және карантин режимін бұзу фактілерін орналастыру үшін InfoKazakhstan.kz сайтты пайдалануды;

6) б) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыруды;

7) InfoKazakhstan.kz сайтындғы объектінің паспортына келушілердің үй-жайлардың жоспарланған толтырылуы туралы мәліметтерді кәсіпкерлік субъектісінің енгізуі (шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіндегі объектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес, № 43 ҚР БМСДҚ-ға, № 47 ҚР БМСДҚ-ға қосымшаларда айқындалатын 1 адамға белгіленген алаң ескеріле отырып айқындалады және енгізіледі);

8) «InfoKazakhstan» электрондық порталының жұмысы іске қосылғаннан кейін, объектілер белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде бизнес объектілерінің қызметін қайта бастауға арналған актіні электрондық түрде беруді **қамтамасыз етсін.**

4. Ақмола облысының әкімдігі, аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері:

1) көпшілік іс-шараларының (мерекелік, спорттық-көпшілік, ойын-сауық мәдени-көпшілік іс-шараларды, конференция, семинар, көрме және т.б. өткізуге), отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, дұға), және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізуге жол бермеу;

2) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, боулинг орталықтары, компьютерлік клубтар, түнгі клубтар, аттракциондар, балалар ойын алаңдары, батуттар және басқалар), кинотеатрларының, букмекерлік кеңселерінің және ересектер мен балаларға арналған өзге де ойын-сауық орындарының, кальян (оның ішінде қоғамдық тамақтану объектілеріндегі) қызметін тоқтата тұру;

3) балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметтерін тоқтата тұру;

4) фудкорттардың, банкет залдарының қызметтерін тоқтата тұру;

5) қалалық, қоғамдық жағажайлардың, ашық аквапарктердің қызметін тоқтата тұру;

6) жәрмеңкелерді, форумдарды, конференцияларды және өзге де ұйымдастырылған бұқаралық іс-шараларды тоқтата тұру;

7) қойылған талаптарды сақтаған кезде және ұжымдық іс-шараларды өткізусіз **жұмыс күндері** ғана діни мақсаттағы объектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагоғалар және т.б.) қызметтеріне рұқсат беру;

8) қала маңындағы жолаушылар поездарын/электрпоездардың қозғалысын, қалааралық облысшілік автобустардың, микроавтобус тасымалын жандандыру;

9) мәдениет объектілерінің (жеке, 30 адамнан аспайтын топтық репетициялар), кітапханалардың, мұрайжайлардың қызметіне рұқсат беру;

10) ҚР БМСД № 47 қаулыға 14-қосымшаға сәйкес 15 адамнан аспайтын топтардың жиынтығын сақтау кезінде, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің **кезекші топтардың** қызметіне рұқсат беру;

11) ҚР БМСД № 47 қаулыға 19-қосымшаға сәйкес санитариялық нормаларға сәйкестік актісі болған жағдайда, балаларға арналған түзету кабинеттері/орталықтарының, балалар және ересектерге арналған білім орталықтарының қызметіне **жұмыс күндері** ғана рұқсат беру (алдын ала жазылу бойынша, топтарда-5 адамнан артық емес);

12) ҚР БМСД № 47 қаулыға 5- қосымшаға сәйкес санитариялық нормаларға сәйкестік актісі болған жағдайда, **(келушілердің 50%- дан асырмай)** ашық ауадағы аттракциондардың жұмысына **жұмыс күндері ғана** рұқсат беру;

13) ҚР БМСД № 47 қаулыға 7- қосымшаға сәйкес санитариялық нормаларға сәйкестік актісі болған жағдайда, сұлулық салондарының, шаштараздардың, СПА орталықтарының және косметологиялық қызмет көрсететін объектілердің қызметіне **жұмыс күндері ғана** рұқсат беру **(клиенттік залда (4 шаршы метрге 1 адам) әлеуметтік қашықтықты сақтау мүмкіндігі есебінен келушілердің толтырылуы және оңтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілей отырып, кресло арасында кемінде 2 метр қашықтық сақталған жағдайда);**

14) ҚР БМСД-нің № 47 қаулыға 16-қосымшаға сәйкес санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, **(келушілердің санын 50% - дан асырмай, 4 шаршы метрге 1 адам)** қоғамдық моншалардың қызметіне рұқсат беру;

15) ҚР БМСД-нің № 47 қаулыға 16-қосымшаға сәйкес санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, **(келушілердің санын 50%-дан асырмай, 4 шаршы метрге 1 адам)** жұмыс күндері ғана сауна қызметіне рұқсат беру;

16) ҚР БМСД-нің №47 қаулыға 8-қосымшаға сәйкес санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, **(клиенттік зонада әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, келушілердің санын 50%-дан асырмай, (5 шаршы метрге 1 адам)** фитнес-орталықтардың, жаттығу залдарының (орталықтарының), спорт кешендерінің (үйірме, секциялар) қызметіне **жұмыс күндері ғана** рұқсат беру;

17) (байланыссыз термометрия жасай отырып, спорт базаларында орналасумен **30 адамнан артық емес**) Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығулар жасауға рұқсат беру;

18) әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ашық ауада жеке және топтық жаттығуларды **(5 адамнан артық емес)** өткізуге рұқсат беру;

19) **5 адамнан артық емес** жеке және топтық жаттығулар үшін спорт кешендерінің қызметіне рұқсат беру;

20) санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, **4 шаршы метрге 1 адам есебінен келушілердің санын 50дан асырмай,** жабық (азық-түлік, азық-түлік емес) базарлардың қызметіне **жұмыс күндері ғана** рұқсат беру;

21) ҚР БМСД № 47 қаулыға 5- қосымшаға сәйкес санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, **(келушілердің 30%-дан асырмай, 4 шаршы метрге 1 адам)** сауда - ойын-сауық орталықтарының (балаларға арналған ойын-сауық орындарын қоспағанда), оларыц ішінде орналасқан азық-түлік супермаркеттер мен дәріханаларды қоспағанда, сауда үйлерінің (бутиктердің), сауда желілерінің қызметіне **жұмыс күндері ғана** рұқсат беру;

22) аудандастыру талаптарын және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, медициналық орталықтардың қызметіне (жазылу бойынша) рұқсат беру;

23) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді және бір келушіге 4 м²-ден кем емес арналған аланды, сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін уақытты шектей отырып, санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, туристік учаскелердегі жағажайлардың (қонақ үйлер, шипажайлар, пансионаттар, демалыс үйлері, туристік базалар) және жалға алынған жағажайлардың қызметіне рұқсат беру;

24) жұмыс кестесін жұмыс күндері сағат 09:00 –ден бастап 18:00 –ге дейін, сенбі күндері сағат 09:00 –ден бастап 14:00 –ге дейін онлайн корсетілмейтін қызметтер үшін «Қазпошта» АҚ-тың жұмысын ұйымдастыру;

25) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актілері негізінде уақыты мен санын шектей отырып, қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беру;

26) автобустардың желіге барынша шығуын, біркелкі жүру кестесін, отыратын орындар саны бойынша толтырылуын сақтай отырып, қоғамдық көліктің жұмысына рұқсат беру. Күн сайын әрбір рейс алдында (мамандандырылған ұйым немесе оқытылған персонал) қоғамдық көлікті жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, оңдеу жүргізу. Демалыс күндері қоғамдық көліктің жұмысын сағат 07.00-ден 10.00-ге дейін және сағат 17.00-ден 20.00-ге дейін шектеу;

27) ҚР БМСД-нің № 47 қаулысының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдардың (ұйым, кәсіпорын), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық кампания, өзге де ұйымдардың, сонымен қатар кәсіпкерлік субъектілердің жұмысын рұқсат ету. Сондай-ақ, қызметкерлердің 80%-ынан кем емес (штат кестесі бойынша 30 қызметкерден артық) қашықтық жұмыс атқару түрінде қалады;

28) ҚР БМСД-нің № 47 қаулыға 17-қосымшаға сәйкес күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, **жобалық қуаттың 80% - ынан аспайтын** туризм объектілері мен халықтың тұруы бойынша қызмет корсету саласында ұйымдардың (қонақ үйлер, мейманханалар, демалыс үйлер, туристік базалалар, шипажайлық-курорттық мақсаттағы объектілер және т.б.) қызметіне рұқсат беру;

29) ҚР БМСД № 47 қаулыға 6- қосымшаға сәйкес күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, (алдын ала жазылу бойынша, автосалонда 2 клиенттен артық емес, ТҚС-да 3 клиенттен артық емес, тұрақты жұмыс орындары арасында кемінде 2 метр алшақтықтың болуы кезінде) халыққа жанаспай қызмет түрлерін көрсету объектілеріне (көлік жуу, көлік жөндеу, тұрмыстық техника жөндеу және т.б.) жұмыс тәртібін сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін шектелген уақыт бойынша рұқсат беру;

30) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, өндірісі тоқтамай жүретін өнеркәсіп кәсіпорындардың; ашық аспанның астында құрылыс жұмыстарына, ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы қызметіне рұқсат ету;

31) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, бизнес-орталықтары, (сақтандыру компания, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік агенттіктері, жарнама агенттіктері, сот орындаушылар және т.б.) валюта айырбастау пункттері, ломбард жұмысын ұйымдастыру;

32) Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (бұдан әрі - ХҚКО), оның ішінде арнайы ХҚКО қатаң түрде Egov.kz, жеделхат-бот EgovKZBot 2.0 арқылы алдын ала брондау бойынша, жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) **сағат 09:00-ден бастап сағат 18:00-ге дейін**, сенбі күндері **сағат 09:00-ден бастап сағат 14:00-ге дейін** жұмыс кестесін белгілей отырып, ХҚКО (арнайы ХҚКО) жұмысын ұйымдастыру. Жұмыс күндері (дүйсенбі - жұма) Call орталықтарының жұмысын **сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін** ұйымдастыру, демалыс күндері тоқтата тұру;

33) адамдардың жаппай жиналуы мүмкін салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық және басқа да іс-шараларды өткізбей, бір мезгілде **30 келушіден артық емес, 30–дан кем орналасатын орны бар объектілері үшін-есептік қуаттың 50% ынан артық емес, үстелдер арасындағы 2 метрден кем емес және келушілер арасында 1 метрден кем емес қашықтықты сақтап, жұмыс режимін сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін шектей отырып**, ашық аспанның астында және үй-жайларда қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне рұқсат беру (объект персоналы қорғау құралдарымен қамтылуы тиіс, қолғапсыз, бетпердесіз персонал жұмысқа жіберілмейді, келушілерге қызмет көрсеткен кезде персоналдың (официант) қолғапсыз, қорғау экрансыз жұмыс жасауына рұқсат берілмейді);

34) қойылған талаптарды сақтаған кезде және ұжымдық іс-шараларды откізусіз діни мақсаттағы объектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т.б.) қызметтеріне рұқсат беру;

35) (алдын ала жазылу бойынша 1 келушіге 5 шаршы метр, жеке форматта) бассейндердің қызметіне рұқсат беру;

36) (алдын ала жазылу бойынша 1 келушіге 5 шаршы метр) жаттығу залдардың қызметіне рұқсат беру;

37) (2 метрден кем емес әлеуметтік қашықтықты, бетперде режимін сақтай отырып, үзілістерде бөлме-жайларды желдетін, **келушілердің санын 50%-дан асырмай**, 1 адамға 5 шаршы метр, соның ішінде 30 адамнан аспайтын топтық репетициялар) мәдениет объектілерінің қызметіне рұқсат беру;

38) (жеке және ұйымдасқан топтар үшін 15 адамнан аспайтын, бетперде режимін және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, қорықтардың, резерваттардың және өзге мекемелердің қызметіне рұқсат беру;

39) сыныпта балалар саны 15 адамға дейін контингенті 5-тен 180 адамға дейінгі мектептердің, ата-аналардың өтініші негізінде 15 баладан аспайтын мектепалды білім алушылары, 1-4 сынып оқушылары үшін кезекші сыныптардың жұмыс істеуіне рұқсат беру;

40) аймақтардағы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК-нің қызметіне рұқсат беру;

41) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, мүмкіндіктері шектеулі балаларға (соның ішінде ата-аналарынан айырылған жетім балалар үшін арнайы мектеп-интернаттардың, жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп интернаттардың) қызметіне рұқсат беру;

42) ҚР БМСД № 47 қаулыға 2-қосымшаға сәйкес алгоритмді сақтай отырып, (қашықтық форматта өткізуге мүмкіндік болмайтын) іштей режимде жиналыстарды (отырыстарды) өткізуге рұқсат беру;

43) бекітілген кесте бойынша санитариялық күн өткізе отырып, азық – түлік дүкендердің жұмыс кестесің сағат **09.00 –ден 22.00-ге дейін** шектеу;

44) ҚР БМСД № 47 қаулыға 5- қосымшаға сәйкес бекітілген кесте бойынша санитариялық күн өткізе отырып, ашық азық-түлік және азық – түлік емес базарлардың жұмыс кестесің сағат **10.00 –ден 17.00-ге дейін** шектеу;

45) такси қызметін көрсетуің (2 адамнан артық емес) шектеу;

46) ҚР БМСД № 47 қаулыға 31-қосымшаға сәйкес экскурсиялық қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптарды сақтау;

47) ҚР БМСД № 47 қаулыға 38- қосымшаға сәйкес мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің қызметіне қойылатын талаптарды сақтау;

48) қоғамдық көліктерде, таксилерде, өндірістік аумақтарда, әуежайларда, аулалық ойын алаңдарында, азық-түлік және азық-түлік емес базарларда және басқа да қоғамдық орындарда санитариялық және дезинфекциялық ондеуді өткізу;

49) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің (бұдан әрі – БМСДК) қолданыстағы қаулыларына сәйкес шектеу іс-шараларының сақталуына мониторинг жүргізу және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке санитариялық-карантиндік шараларды сақтамайтын тұлғаларды тарта отырып, әкімдіктер жанындағы жеделдетілген топтардың объектілерге іріктеп тексеру жүргізу;

50) халыққа COVID-19 таралуының алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

51) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәби үйлеріне, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарында, интернат үлгісіндегі мүгедек балаларға арналған оқу орындарында карантин режимі және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтау;

52) COVID-19 ауруымен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсетуге тартылған инфекциялық және провизорлық стационарлар қызметкерлерін тұратын орынмен қамтамасыз ету;

53) әртүрлі медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлерін бөлек орналастырумен және тамақтандырумен қамтамасыз ету (әртүрлі үй-жайларда, олардың қарым-қатынас мүмкіндігін болдырмау);

54) бір медициналық ұйымның әртүрлі бөлімшелерінің қызметкерлерін үй-жайларда бөлек орналастырумен және тамақтандырумен қамтамасыз ету;

55) үйден тыс тұратын инфекциялық және провизорлық стационарлар қызметкерлерінің COVID-19 таралуының алдын алуға бағытталған орналастыру, тамақтану жағдайларын және басқа да іс-шараларды орындауын бақылауды қамтамасыз ету;

56) қашықтықтан консультация беру мүмкіндігі үшін медицина қызметкерлерінің тұратын жерлерінде интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз ету;

57) «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ-ндағы РМК-ы Ақмола облысы бойынша филиалының вирусологиялық зертханасының қызметкерлерін тұратын орынмен және тамақтандырумен қамтамасыз ету;

58) медицина қызметкерлері үшін тұратын жерінен жұмысқа дейін және кері бағытта әрбір медициналық ұйым үшін көлікті қамтамасыз ету, кейіннен көлікті дезинфекциялау;

59) ҚР БМСД-нің №46 қаулыға 32- қосымшаға сәйкес қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, COVID-19-дан қайтыс болған адамның мәйітін жерлеуді жүргізуді ұйымдастыру;

60) COVID-19-дан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін тасымалдауға арналған автокөлікпен және көмуге қатысатын адамдарға арналған жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;

61) ҚР БМСД-нің №46 қаулыға сәйкес алгоритмнің сақталуын қамтамасыз ету үшін әрбір ауданда COVID-19-дан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін кому бойынша бригадаларды құру жөніндегі мәселені шешуді қамтамасыз етсін.

5. «Бурабай», «Көкшетау» МҰТП-і (Зеренді ауданы):

1) қоғамдық жағажайлардың қызметтерін тоқтата тұру;

2) **су қорғау алабының шегінде шаруашылық және өзге де қызметтің тоқтата тұру;**

3) кемінде 2,5-3 метр қашықтықты сақтауды ескере отырып, кәдесыйларды сатуға арналған дүңгіршектерді орналастыру;

4) қоғамдық жағажайларға баруға тыйым салу туралы тақтайшаларды орнату;

5) санитариялық – карантиндік шаралар мен қоғамдық тәртіпті сақтауды бақылау мақсатында рекреациялық (жағалаудағы аймақтарды, жеке және қоғамдық жағажайларды) және курорттық аймақтарды патрульдеу;

6) санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, жағалау аумағындағы барлық түрдегі объектілердің, оның ішінде тамақ өнімдерін, балмұздақ, сусындар, гриль, донер, шаурма және басқа да фастфуд түрлерін, азық-түлік емес тауарларды, караоке және басқа да объектілерді өткізу жөніндегі сауда пункттерінің қызметіне рұқсат беруін **қамтамасыз етсін.**

6. Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы:

1) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларының талаптарын орындау;

2) Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелеріне диагноз қойылғаннан кейін 2 сағаттың ішінде

COVID-19 ауруының әрбір жағдайына, оның ішінде U07.2 «COVID-19 коронавирустық инфекциясы (Вирус сәйкестендірілмеген)» коды бойынша шұғыл хабарлама жіберуді қамтамасыз етсін.»;

3) ЖРВИ белгілерімен және COVID-19-ға күдікті, оның ішінде U07.2 «COVID-19 коронавирустық инфекциясы (Вирус сәйкестендірілмеген)» коды бойынша науқастарды анықтау мақсатында аулаларды аралап шығу;

4) ЖРВИ, пневмония белгілерімен және температурасы бар COVID-19-ға күдікті науқастарға ПТР әдісімен зертханалық тексеру жүргізу;

5) асқынуды болдырмау мақсатында, халыққа уақытылы медициналық көмекке жүгіну туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

6) созылмалы аурулары бар, «Д» есепке алынған науқастарды ерекше есепке алу;

7) эпидемиологиялық жағдайға қарамастан, жүкті әйелдерге және балаларға, амбулаториялық бағдарламалық гемодиализ алатын, онкологиялық және онкогематологиялық ауруларға, сондай-ақ емдеуді ауыстыру пациенттің өміріне қауіп төндіретін ауруларға шалдыққан пациенттерге жоспарлы медициналық көмек көрсетуді жалғастыруды қамтамасыз ету;

8) санитариялық-карантиндік талаптар қатаң сақталған жағдайда, кәсіпорындарға шығып, медициналық профилактикалық тексерулер жүргізу үшін емханаларда жеделдетілген топтар құру;

9) тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау аумақтық басқармасының маманы болмаған жағдайда, мәйітті тасымалдау және жерлеу кезінде биологиялық қауіпсіздік шараларының сақталуын бақылауды кестеге сәйкес бұйрықпен жауапты адамды бекіту жолымен МСАК мамандарымен қамтамасыз ету;

10) COVID-19-дан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін тасымалдауға арналған автокөлікпен және көмуге қатысатын адамдарға арналған жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етсін.

7. Ақмола облысы полиция департаментінің бастығы:

1) COVID-19 расталған жағдаймен жақын байланыс ретінде қоршаған ортадан анықталған тұлғалар және симптомсыз ағымымен (*тасымалдаушылар*) тұлғалар үй карантині шарттарының сақталуын бақылауға жәрдемдесу;

2) қызметі рұқсат етілген объектілерде карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылауға жәрдемдесу. Бұзушылықтар анықталған жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы кодексі негізінде тиісті әкімшілік шаралар қолдануын қамтамасыз етсін.

8. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшылары:

1) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларының талаптарын орындау;

2) COVID-19, соның ішінде U07.2 «COVID-19 коронавирустық инфекциясы (Вирус сәйкестендірілмеген)» коды бойынша науқасын сұрастыру;

3) онда тәуекел тобындағы адамдар (жүрек-қантамыр жүйесінің созылмалы аурулары, қант диабеті, метаболикалық синдром, бүйректің созылмалы ауруларымен ауыратын 60 жастан асқан адамдар, жүкті әйелдер) болмаған жағдайда симптомсыз вирус тасымалдаушылары ошақтарын қоспағанда, эпидемиологиялық тексеру картасын толтыра отырып, COVID-19, соның ішінде U07.2 «COVID-19 коронавирустық инфекциясы (Вирус сәйкестендірілмеген)» коды бойынша эпидемиологиялық тергеп-тексеруді қамтамасыз етсін. COVID-19 жағдайларын эпидемиологиялық тергеп-тексеруді мынадай басымдықта жүргізу керек: симптомдары бар COVID-19 жағдайларының ошақтары; симптомсыз ағымы бар COVID-19 жағдайларының ошақтары; басқа ошақтар. Пациент туралы деректер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің COVID-19 Веб-қосымшасына енгізіледі;»;

4) COVID-19 алдын алу шаралары туралы халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту;

5) санитариялық-карантиндік талаптардың шарттарын сақтамағаны үшін әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдауын **қамтамасыз етсін.**

9. Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы, аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері:

1) бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы 2 күн ішінде қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы халыққа хабардар ету;

2) халыққа қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы жаднамалар, оның ішінде шұғыл және апаттық қызметтердің барлық қажетті байланыстарын көрсете отырып, шектеу іс-шаралары кезеңінде көшелерде қауіпсіздік шараларын, жүріс-тұрыс ережелерін сақтау туралы азаматтарға арналған нұсқаулықтар әзірлеу;

3) облыс тұрғындары арасында жұқтыру ошақтарын оқшаулау және оның таралу қаупін азайту бойынша қабылданатын шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық жариялау жүргізуін **қамтамасыз етсін.**

10. Ақмола облысы бойынша «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ-ндағы РМК-нің филиалы Қазақстан Республикасы мен Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулылары талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

11. Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің №2 қосымшаға сәйкес қаулысының күші жойылды деп танылсын.

12. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын тиісті аумақтың, Ақмола облысының қалалары мен аудандарының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдауға құқылы.

13. Қаулы меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

14. Осы қаулыны барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізу, халықты бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабардар ету.

15. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

16. Осы қаулы қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты ұзарту және жеңілдету ықтималдығымен **2020 жылғы 30 тамыздан сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.**

**Ақмола облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
орынбасары**



С. Омарханов

Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің орынбасары
2020 жылғы «30» тамыз
№ 109 қаулысына
1-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің қызметін қайта бастау

Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектіні іске қосу сипаты	Ескертпе
Мемлекеттік органдар (ұйымдар), ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор органдарының, бизнес-орталықтары және басқа да кеңселер	Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 қаулысына (бұдан әрі – № 43 БМСДҚ) 1-қосымша	Хабарлама	
Өнімнің бөлшек сауда орындары, үйдің жанындағы дүкендер	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Хабарлама	
Тамақ өнімдерін көтерме және бөлшектеп сату объектілері (азық-түлік базарлары) азық-түлік қоймалары	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Көтерме және бөлшек сауда объектілері (азық-түлік емес базарлары)	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Сауда алаңы 2000 шаршы метрден кем болатын бөлек тұрған дүкендер, сауда желілері	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Хабарлама	
Сауда алаңы 2000 және одан артық шаршы метр болатын бөлек тұрған дүкендер, сауда желілері	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Онлайн сауда объектілері (интернет дүкендер, курьерлік қызметтер және т. б.)	№43 БМСДҚ-ға 1 және 5-қосымшалар	Хабарлама	
Автосалондар, автомобильдің қосалқы бөлшектері дүкендері және техникалық қызмет көрсету (вулканизация, автожуу) шиномонтаж) станциялары	№43 БМСДҚ-ға 6-қосымша	Хабарлама	

Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектіні іске қосу сипаты	Ескертпе
Қызмет көрсету саласы объектілері (сұлулық салондары, шаштараздар, косметологиялық қызмет көрсететін объектілер (алдын ала жазылу бойынша), химиялық тазалау, кір жуу орындары, ұйымдастыру техникасын жөндеу)	№43 БМСДҚ-ға 7-қосымша	Хабарлама	
Фитнес қызметін көрсету бойынша объектілер, спорт кешендері	№43 БМСДҚ-ға 8-қосымша	Хабарлама	
Халыққа қызмет көрсету (типографиялық қызметтер, тігін ательесі, аяқ киім шеберханалары, аяқ киім, киім жөндеу сервисі) бойынша объектілер және өзге де объектілер	№43 БМСДҚ-ға 10-қосымша	Хабарлама	
Халыққа тұру бойынша қызмет көрсету саласындағы объектілер (қонақүйлер, отельдер)	№43 БМСДҚ-ға 11-қосымша	Хабарлама	
Әуежайлардың және теміржол вокзалдарының қызметі	№43 БМСДҚ-ға 12-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Маусымдық ауыл шаруашылығы дала жұмыстарына, табиғат қорғау, ветеринариялық, ауыл шаруашылығы, оның ішінде ара шаруашылығы іс-шараларына тартылған ұйымдар мен қызметкерлердің қызметі	№43 БМСДҚ-ға 13-қосымша	Хабарлама	
Мектепке дейінгі балалар ұйымдары	№43 БМСДҚ-ға 14-қосымша	Хабарлама	
Қоғамдық көлік	№43 БМСДҚ-ға 15-қосымша	Хабарлама	
Жолаушыларға арналмаған жүк тасымалы, көліктік-экспедиторлық тасымалдау	№43 БМСДҚ-ға 1 және 25-қосымша	Хабарлама	
СПА, массаж салондардың, моншалардың, сауналардың қызметі	№43 БМСДҚ-ға 16-қосымша	Хабарлама	
Санаториялық-курорттық мақсаттағы объектілер, демалыс үйлері, туристік базалар	№43 БМСДҚ-ға 17-қосымша	Хабарлама	
Білім беру, түзету орталықтарының қызметі	№43 БМСДҚ-ға 19-қосымша	Хабарлама	
Тамақ өнеркәсібі объектілері	№43 БМСДҚ-ға 25-қосымша	Хабарлама	
Қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру объектілеріндегі тамақтануды қоспағанда)	№43 БМСДҚ-ға 21-қосымша	Хабарлама	

Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектіні іске қосу сипаты	Ескертпе
Ұйымдастырылған ұжымдардағы, ас блоктарындағы қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру және тәрбиелеу ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану объектілерін қоспағанда)	№43 БМСДҚ-ға 21-қосымша	Хабарлама	
Тамақ жеткізуді жүзеге асыратын қоғамдық тамақтану ұйымдары	№43 БМСДҚ-ға 22-қосымша	Хабарлама	
Пенитенциарлық (қылмыстық атқару) жүйедегі мекемелер	№43 БМСДҚ-ға 24-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірістік объектілер, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы объектілер	№43 БМСДҚ-ға 25-қосымша	Хабарлама	
Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірістік объектілер, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы объектілер	№43 БМСДҚ-ға 25-қосымша	Хабарлама	
Медициналық-әлеуметтік объектілер (қарттар, мүгедектер үйлері, сәбилер үйлері және басқалары)	№43 БМСДҚ-ға 26-қосымша	Хабарлама	
Өнеркәсіптік және индустриялық кәсіпорындар құрылыс компаниялары (құрылыс салушылар)	№43 БМСДҚ-ға 28-қосымша	Хабарлама	
Автожанармай құю станциялары және ЖЖМ көтерме сату	№43 БМСДҚ-ға 1 және 5-қосымшалар	Хабарлама	
Ғимараттарға қызмет көрсету объектілері (лифт, күзет қызметтері, ғимараттарға қызмет көрсету ұйымдары және т. б.)	№43 БМСДҚ-ға 1-қосымша	Хабарлама	
Коммуналдық шаруашылық объектілері	№43 БМСДҚ-ға 25-қосымша	Хабарлама	
Денсаулық сақтау объектілері (стоматологиялық клиникаларды қоспағанда)	№43 БМСДҚ-ға 2, 31 және 34-қосымшалар	Хабарлама	
Стоматологиялық клиникалар	№43 БМСДҚ-ға 29-қосымша	Хабарлама	
Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілер (дәріханалар, фармацевтикалық компаниялар)	№43 БМСДҚ-ға 5-қосымша	Хабарлама	
Дәрілік заттар мен медициналық	№43 БМСДҚ-ға	Хабарлама	

Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектіні іске қосу сипаты	Ескертпе
бұйымдардың айналысы саласындағы объектілер (фармацевтикалық өндірістер)	25-қосымша		
Экскурсиялық қызметті жүзеге асыратын объектілердің кеңселері (туристердің ұйымдастырылған топтары үшін экскурсиялар ұйымдастыру)	№43 БМСДҚ-ға 1-қосымша	Хабарлама	
Ашық ауадағы аттракциондар	№43 БМСДҚ-ға 1-қосымша (II бөлім)	Хабарлама	
Қаржы нарығы объектілері	№43 БМСДҚ-ға 1-қосымша	Хабарлама	
Мәдениет объектілері (30 адамға дейін жеке және топтық дайындықтар)	№43 БМСДҚ-ға 9-қосымша	Хабарлама	
Фитнес қызметін көрсететін объектілер (бір келушіге кемінде 5 ш.м. қамтамасыз ете отырып, алдын ала жазылу бойынша), спорт кешендері (30 адамға дейінгі топтар үшін оқу-жаттығу процесін жүргізу)	№43 БМСДҚ-ға 8-қосымша	Хабарлама	
Діни объектілер	№43 БМСДҚ-ға 20-қосымша	Хабарлама	
Бассейндер (бір адамға су бетінің 5 ш.м. есебінен)	№43 БМСДҚ-ға 16-қосымша	Хабарлама	
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, қорықтар, резерваттар және өзгелері)	№43 БМСДҚ-ға 38-қосымша	Хабарлама	

Ақмола облысының Бас
мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің орынбасары
2020 жылғы «30 тамыз»
№ 109 қаулысына
2-қосымша

**Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
күші жойылған қаулыларының тізбесі**

1. «Ақмола облысының аумағында шектеу карантиндік шараларын кезең – кезеңімен жеңілдету туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 103 қаулысы;
2. «Ақмола облысының аумағында шектеу карантиндік шараларын кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 103 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 106 қаулысы;
3. «Ақмола облысының аумағында шектеу карантиндік шараларын кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 103 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 20 тамыздағы № 107 қаулысы.